«8D01503 - География» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Амангелди Озеркенің «Жалпы білім беретін мектептерде географияны оқытуда географиялық мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық әдістері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс тақырыбы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы стратегиялық құжаттарына, атап айтқанда «Білім туралы» Заңы мен 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хаттың негізгі бағыттарына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыру арқылы географиялық ойлауды дамыту, функционалдық сауаттылықты арттыру және сапалы білім беру міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған. Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарының бірі – білім беру және тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамыту бағытымен үйлеседі. Зерттеу нәтижелері БҰҰ-ның «Тұрақты даму мақсаттары – 2030», оның ішінде 4-мақсат «Сапалы білім беру» қағидаттарымен өзара сабақтас.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);	
		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);	
		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады және оның ғылыми маңыздылығы толық ашылған. Зерттеу барысында «географиялық мәдениет» ұғымы педагогикалық тұрғыдан жүйеленіп, оның құрылымдық компоненттері нақтыланған. Автор географияны оқыту үдерісінде географиялық мәдениетті

			қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жасап, педагогикалық әдістер жүйесін ұсынған. Жұмыста әзірленген модель мен әдістер оқушылардың географиялық-кеңістіктік ойлауын, функционалдық сауаттылығын және экологиялық жауапкершілігін дамытуға бағытталған. Зерттеу нәтижелері білім беру тәжірибесіне енгізіліп, олардың тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденген, бұл жұмыстың ғылыми құндылығын арттырады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысы мазмұнының бірізділігімен, ғылыми тұжырымдарының нақтылығымен және авторлық талдаудың тереңдігімен ерекшеленеді. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылар автордың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі болып табылады. Жұмыста қолданылған теориялық талдаулар, әдіснамалық негіздер және практикалық нәтижелер жүйелі түрде берілген. Зерттеу нәтижелерінің бірқатары ғылыми жарияланымдарда көрініс тапқан, бұл диссертациялық жұмыстың дербес орындалғанын және автордың ғылыми даярлық деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі толық негізделген. Зерттеу жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің қазіргі білім беру жүйесіндегі маңыздылығына сүйене отырып қарастырылған. Жұмыста аталған мәселенің теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті екендігі дәлелденіп, білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы қажеттілігі нақты көрсетілген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды **1) айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Жұмыстың құрылымы мен мазмұны өзара логикалық байланыста берілген, әрбір бөлім зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Теориялық және практикалық бөлімдерде қарастырылған мәселелер диссертация тақырыбының мәнін толық ашуға бағытталған.

			Зерттеуде ұсынылған педагогикалық әдістер жүйесі мен модель тақырыптың мазмұнын нақтылап, оның ғылыми-әдістемелік негіздерін кешенді түрде көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Жұмыстың мақсаты жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық әдістер жүйесін әзірлеуге бағытталған. Осы мақсатқа сәйкес қойылған міндеттер зерттеу мазмұнын толық қамтып, оның логикалық құрылымын айқындайды. Зерттеу міндеттері теориялық талдау, модель әзірлеу және педагогикалық эксперимент жүргізу кезеңдерін қамти отырып, диссертация тақырыбының мәнін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.
		1) сәйкес келеді;	
		2) жартылай сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара толық логикалық байланыста құрылған. Жұмыстың кіріспе, теориялық, әдістемелік және тәжірибелік бөлімдері бір-бірімен сабақтасып, зерттеу мақсаты мен міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған. Әрбір бөлімде қарастырылған мәселелер бірізділікпен беріліп, зерттеу логикасы сақталған. Бұл диссертация мазмұнының тұтастығын қамтамасыз етіп, ғылыми зерттеудің құрылымдық жүйелілігін көрсетеді.
		1) толық байланысқан;	
		2) жартылай байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертацияда ұсынылған педагогикалық әдістер мен элективті курс мазмұнының тиімділігі тәжірибелік деңгейде қарастырылған. Автор әзірлеген әдістемелік тәсілдер білім беру үдерісінде апробациядан өтіп, олардың қолдану мүмкіндіктері мектеп тәжірибесінде көрсетілген. Зерттеу барысында ұсынылған шешімдердің оқу үдерісіне әсері айқындалғанымен, оларды бұрыннан белгілі әдістермен толық салыстырып, жан-жақты сыни талдау жүргізу деңгейі шектеулі түрде көрініс тапқан.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау жартылай жүргізілген;	
		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жаңалық сипатқа ие. Автор географиялық мәдениет ұғымын педагогикалық тұрғыдан нақтылап, оның құрылымдық компоненттерін жүйелі түрде негіздеген. Сонымен қатар, географияны оқыту үдерісінде қолдануға арналған педагогикалық әдістер жүйесі мен құрылымдық модель ұсынылған. Ұсынылған ғылыми шешімдер білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында өзекті болып табылады және географиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесін жаңа ғылыми деңгейде қарастыруға мүмкіндік береді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	
		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	Диссертация қорытындылары зерттеу нәтижелеріне негізделіп жасалған және белгілі ғылыми тұжырымдарды дамыта отырып, ішінара жаңа ғылыми нәтижелерді қамтиды. Автор ұсынған қорытындылар географияны оқыту үдерісінде географиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындауға бағытталған. Сонымен қатар, қорытындыларда теориялық және практикалық нәтижелер өзара байланыста қарастырылып, оларды білім беру тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктері көрсетілген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	
		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертацияда ұсынылған педагогикалық шешімдер қазіргі білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес әзірленген және мектеп тәжірибесіне бейімделген. Автор әзірлеген әдістер мен оқу курстары география пәнін оқыту барысында қолдануға бағытталған практикалық мәнге ие. Ұсынылған шешімдер білім беру үдерісінде апробациядан өтіп, олардың тиімділігі анықталғанымен, олар негізінен белгілі әдістемелік тәсілдерді жетілдіру мен толықтыру сипатында көрінеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	
		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген	Диссертацияның негізгі қорытындылары зерттеу барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып тұжырымдалған және ғылымн тұрғыдан негізделген. Қорытындылар теориялық талдау мен педагогикалық

		(qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	эксперимент нәтижелерінің өзара байланысы негізінде жасалып, олардың дұрыстығы мен сенімділігі қамтамасыз етілген. Жұмыста қолданылған әдістер мен алынған нәтижелер диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Қорытындылар зерттеу мазмұнын толық қамтып, ұсынылған педагогикалық тәсілдердің тиімділігін дәлелдейді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; **2) жоқ.** 7.3 Жаңа ма? **1) иә;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; **2) орташа;** 3) кең. 7.5 Мақалада дәлелденген бе?	Қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылған: Автор зерттеуінде географиялық мәдениет ұғымының педагогикалық мазмұны мен құрылымын айқындап, оны географияны оқыту үдерісімен байланыстыра отырып, оқушылардың табиғи және әлеуметтік кеңістік туралы тұтас ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың теориялық негіздерін көрсеткен. Зерттеу барысында географиялық мәдениеттің құрамдас бөліктерін кешенді дамытуға бағытталған, креативті ойлау мен визуализация элементтеріне негізделген тапсырмалар жүйесі ұсынылып, олардың тиімділігі негізделген. Сонымен қатар, «Сапалы білім беру» қағидаттарына сәйкес география пәнін оқытуда географиялық мәдениетті қалыптастыруға арналған педагогикалық әдістер жүйесі мен құрылымдық-мазмұндық модель әзірленіп, оны қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретіні дәлелденген. Ұсынылған педагогикалық модель мен әдістерді жүйелі қолдану оқушылардың географиялық-кеңістіктік ойлауын, функционалдық сауаттылығын және экологиялық жауапкершілігін дамытуға ықпал ететіні көрсетілген. Зерттеу нәтижелері бойынша әзірленген әдістемелік материалдар білім беру тәжірибесінде қолдануға ұсынылып, авторлық құқық объектісі ретінде тіркелген (авторлық куәліктер алынған), бұл ұсынылған шешімдердің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын растайды. 7.1 Тұжырымдар дәлелденді ме?-дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма?- жоқ;

		1) иә;	7.3 Жаңа ма?- иә; 7.4 Қолдану деңгейі- орташа; 7.5 Мақалада дәлелденген бе?- иә;
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеуде қолданылған әдістемелік тәсілдер мен әдістер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес таңдалған. Әдістеме мазмұны диссертация тақырыбының ерекшеліктерін ескере отырып негізделіп, зерттеу логикасына сай жүйелі түрде құрылымдалған. Қолданылған әдістер теориялық талдау, педагогикалық модельдеу және тәжірибелік тексеру кезеңдерін қамтып, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етеді.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеуде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тиімді қолданылған. Зерттеу барысында цифрлық карталар, онлайн платформалар және статистикалық өңдеу құралдары пайдаланылып, алынған деректерді талдау мен интерпретациялау үдерісі жүйелі түрде жүзеге асырылған. Эксперименттік нәтижелерді өңдеу және визуализациялау барысында әртүрлі кестелер мен салыстырмалы талдау әдістері қолданылып, зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен көрнекілігі қамтамасыз етілген.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу барысында алынған теориялық қорытындылар, ұсынылған модельдер мен анықталған заңдылықтар педагогикалық эксперимент нәтижелерімен расталған. Теориялық тұжырымдар тәжірибелік деректермен сәйкестендіріліп, олардың дұрыстығы мен негізділігі дәлелденген.

		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар мен пікірлер сенімді дереккөздерге сүйене отырып негізделген. Жұмыста отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер кеңінен қолданылып, теориялық қағидалар нақты ғылыми еңбектерге сілтемелер арқылы дәйектелген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын жан-жақты қамтуға жеткілікті деңгейде қалыптастырылған. Әдебиеттер саны 194 дереккөзді құрайды, олардың қатарында отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, заманауи зерттеулер, ресми құжаттар мен электрондық ресурстар бар.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері географияны оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Ұсынылған теориялық тұжырымдар педагогикалық ғылымның дамуына үлес қосып, зерттеу мәселесін жаңа қырынан қарастыруға жол ашады.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Иә, зерттеудің практикалық маңызы оның нәтижелерін білім беру тәжірибесінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Автор ұсынған педагогикалық әдістер мен элективті курстар жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқыту үдерісінде тиімді пайдалануға бағытталған.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар қазіргі білім беру талаптарына сәйкес әзірленген. Автор ұсынған әдістемелік шешімдер мен оқу материалдары мектеп тәжірибесінде қолдануға бағытталған және олардың тиімділігі тәжірибелік жұмыстар барысында анықталған. Ұсынылған тәсілдер негізінен қолданыстағы
		1) толығымен жаңа;	
		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	педагогикалық тәжірибені жетілдіру және толықтыру сипатында көрінеді, бұл олардың ішінара жаңалық сипатын көрсетеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Диссертациялық жұмыс ғылыми стиль талаптарына сәйкес, жүйелі және түсінікті тілде жазылған. Материалды баяндау логикасы сақталған, терминдер орынды қолданылған және ғылыми тұжырымдар нақты әрі дәл берілген.
11	Диссертацияға ескертулер		Бірқатар ескертулерді атап өткім келеді. Зерттеу жұмысының апробациясы негізінен қала мектептері базасында жүргізілген, осыған байланысты алынған нәтижелердің ауылдық білім беру ұйымдарында қолданылу мүмкіндіктерін кеңейту мәселесін қарастыру орынды болар еді. Сонымен қатар, ұсынылған педагогикалық әдістер мен модельдерді әртүрлі білім беру жағдайларында сынақтан өткізу зерттеудің практикалық ауқымын арттыра түсер еді. Осыған қоса, зерттеу нәтижелерін аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып талдау және апробация базасын кеңейту жұмыстың қолданбалы маңыздылығын күшейтуге мүмкіндік береді. Аталған ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми құндылығына, теориялық және практикалық маңыздылығына кері әсер етпейді және тек ұсыныс ретінде қарастырылады.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докоранттың зерттеу тақырыбы бойынша		Ізденушінің ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес келеді және жоғары деңгейдегі ғылыми басылымдарда жарияланған. Жарияланымдарда зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары толық көрініс тапқан: 1) Amangeldi, O., Aubakirova, G., Duisebayeva, K., Esnazarova, U., & Kurt, T. (2023). Pedagogical methods of tourism education in general education schools in Kazakhstan. GeoJournal of Tourism and

	әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді		Geosites, 51(4spl), 1629–1635. https://doi.org/10.30892/gtg.514spl04-1159 2) Amangeldi, O., Duisebaeva, K. ., & Kurt, T. (2025). Pedagogical Technologies of Teaching Fifth and Sixth Grade Students Ecological Culture Through the Laboratory Work "Sociological Survey "Me and Nature". Journal of Educational Sciences, 82(1), 156–168. https://doi.org/10.26577/JES202582113 3) Amangeldi, O. ., Kurt, T. ., Tokayeva, L. ., & Nurbayeva, A. . (2025). The influence of arab geographical research on pupils' geographical culture formation. Journal of Oriental Studies, 113(2), 43–53. https://doi.org/10.26577/JOS202511324 4) Amangeldi O., Duisebaeva, K., Kyrbassov, A., Umirzakova, N., & Kurt, T. (2025). Geographical Culture Index as a tool for assessing geographical thinking in school and university geography education. Journal of Geography and Environmental Management, 79(4). https://doi.org/10.26577/JGEM202579411
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Амангелди Озеркеге **«8D01503 – География»** білім беру бағдарламасы бойынша **философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын**

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Жаратылыстану және география факультетінің қауымдастырылған профессор м.а., PhD

Исаков Ерлан Дуйсенбекович